



Төрехан МАЙБАС

1954 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кентінде туған. ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Шет ауданының Құрметті азаматы.

ҚҰРМАЛДЫҚ

РУХ КІТАБЫ

АХАҢНЫҢ ДҮКЕНДЕРІ

(Алғысөз орнына)

Ахаңның маған айтар қашанда екі сөзі болды.

Біреуі есендесейік сөзі.

Екіншісі дүкендесейік сөзі.

Біріншісінде қашанда ауыл ішінің әңгімесінен аспаймыз. Жөн-жосық сұрасамыз.


Ел әңгімесін сұрайды. Шамам келгенше жауап беремін. Өйткені ел ішінде өзім де жиі бола бермеймін.

Екіншісінде арқаны кеңге саламыз. Өйткені сағаттап дүкендесеміз. Есті әңгімелер айтамыз, ессіз армандарға берілеміз. Кәдімгідей ет жеп, сорпа ішеміз.

Не жазғандарымды сұрайды. Ескі әңгімелерге құлақ түреді. Диктофон қойдыртпайды. Ондайда:

- Неодушевленная помеха, - деп жақтырмайтын.

Сонсоң:



Ақселеу СЕЙДІМБЕК

(1942-2009)

- Третий глаз...- деп үнсіз қалар еді.

Шамасы мұнан Ахаң теперіш көрген болар деймін.

- Ақал, - деп мен де қостап қоямын

Мына жазбалар сондай есен-десуіміз бен дүкендесулерімізден туып отыр...

Бұл жазбалардың ешқайсы маған оңайға түскен жоқ.

Аханды білгеніме де бір жарты ғасыр өтіпті. Ал тонның ішкі бауындай араласқаныма отыз жыл болыпты. Біреулер үшін Ахаң өткен де болар, тек мен үшін емес. Үнемі Аханның биігін аласартып алмаймын ба деген ойда жүремін. Оның үстіне Аханның даласын басқа біреулердің тауын аласарту арқылы биіктетуден сақтандым.

Ахаң екеуіміздің бұл дүкендерімізді жаңғыртуда уақыт шіркіннің да қатысы бар деймін. Көп нәрсе ұмытылып қалған болар деген ойдамын. Біраз нәрсеге өрем жетпеген де болар. Ал Аханның кейбір пайымдарынан жаның шошиды. Оларын барынша жұмсартуға тырыстым. Ал кейбір пайымдарын қағаз бетіне саналы түрде түсірмедім.

Әр жазбам автономды болып шықты. Соған қуандым. Контекстен бөліп алып жарата беруге болады. Тұтас оқитындарға да ешқандай нұқсан келтірмедім деп есептеймін.

Менің Ақселеуім деп айтушылар да, жазушылар да жеткілікті. Ал менің Ақселеуім ол Ақселеуге атымен ұқсамайды. Бұл Ақселеу қалыпқа сиямайтын Ақселеу.

Ахаң мені қанша өбектеді - онысын білмеймін. Кейін бақсам мені үнемі назарында ұстаған екен. «Еуразияда» лекция оқығанда мен жөнінде әңгімелер айтады екен. Сонда «Менің Майбасым» дейді екен. Маған сонысы жеткілікті.

Ахаң «СҚ»-да жүргенінде «Бес өлең» айдарын ашып, біраз ақынның жолын ашты. Мен де бір бес өлеңімді жібердім. Ол бес өлеңім классика бол-

мас, алайда сорлы емес жолдар екенін де жақсы білемін.

Сонан не болды дейсіз ғой?

Жауап келді.

Бес әңгіменді жібер деген.

Мен ол кезде әлі әңгіме жаза қоймайтынмын.

Бүгінде не деген әулие адам еді деп қоям. Мен бес әңгіме тұрсын бір әңгіме де жібермедім.

Бүгінде жібере алмас едім.

Бүгінде ойланып отырмын. Ахаң «Бес жазбанды» жібер десе осы бір бес жазбамды жібере алар ма едім деп.

Әй, қайдам?..

Ахаңмен кез-келген тақырыпта сөйлесе беруге болады. Бірақ біз кез-келген тақырыпта сөйлеспедік. Бұл дүкендерді ол тұста айту мүмкін емес еді. Бүгін де оңай болып тұрған жоқ. Дегенмен ел білуге тиісті деп шештім. Бұл дастарқан басындағы әңгіме емес, бұл көр-жердің, болмаса екеудің де әңгімесі емес. Бұл қазақ баласының қазақ болып қалу әңгімесі.

Бұл - дүкен! Ешкімге айтыла бермейтін әңгіме. Негізі көктен деймін. Негізі жерден деймін. Басқа жұрттікі философия болса философия шығар.

Ал Ахандікі - пәлсапа!

Менікі де!..

КӨШ

Бірінші жазба

- Дүкендесейік...- деген.

Тағы да Ахаң.

- Осы сен көшіп көрдің бе? - деген.

Ішкі дауысым:

- Әрине, - деп тұр.

Мен болсам сабыр сақтадым. Өйткені Ахаң тегін сауал қоймайды. Оның ішінде дүкендескенде.

Оған үйрене бастағам.

Мен еріксіз Ілияс пен Кабдеш ағаларымды есіме алайын.

- Дұрыс ойлап тұрсың, - деді Ахаң дауысын барынша қоңырлатып.

Бұл енді ұзақ әңгімеге кеттік деген сөз.

- Біздің ұрпақ қанда туған ұрпақ! - деп және бір қойды.

Ішкі дауысым айқайлап тұр.

- Мен бұл ұрпаққа жатамын ба? - деп.

Есіме еріксіз Меккедегі қаратас түсті. Аспан мен жердің арасында ешқандай жіпсіз байланып тұрған қаратас. Бір орында тұрады. Не жерде емес, не көкте емес.

Біздің де болмысымыз осы қаратасқа келіп тұр-ау. Не жерде дүниеге келмедік, не көкте дүниеге келмедік. Алайда жанымыздың көкке ұшып, тәніміздің жерде қалғанын қайда қоямыз? Мұның өзі бізді өзге өзектілермен жақындастыра түседі. Өйтпесе қазақтың өзге жұрттан жөні бөлек. Ат үстінде туып, ат үстінде кеткен бабаларымыз қаншама?!

- Қазақтың көші тоқтаған күні қазақтығымыз да тоқтайды...

Мұны естіп жүрегім тоқтап қала жаздады.

Бір сәт Ахаң маған жан алғыштай болып көрінген. Жанымды алуға келгендей болып көрінген.

Мен Ақшатау деген жұртта дүниеге келгенмін. Кенішті жер. Тікелей Мәскеуге бағынды. Ел Мәскеу уақытымен тұрып, Мәскеу уақытымен жүрді. Ақшатаудың жоқ-жітігін Мәскеу түгендеп отырды. Етті де, сүтті де, балықты да, уылдырықтың қызылын да, қарасын да Мәскеу күнбе күн болмаса да жеткізіп тұрды. Ол заманда уылдырықты кім білген. Солидол деп арба арысына жағушылар да болған.

Осы Ақшатау айналасындағы үш-төрт ауданды асырады. Тіпті, қарағандылықтар да айналасында Ақшатаудан шықпайтын. Өйткені құстың сүтінен басқасының бәрі болды.

Ненің бәсіресіне деген заңды сауал туады. Оны да айта кетелік.

Мұнда «100» деген құпия грифпен қорғаныстық металдар шығарылатын еді. Ақшатау жартылай құпиялы комбинат болатын. Өлі сол құпия күйінде қалуда.

Одақ тарағанда Ақшатау да тарады. Тарағанда ел талап алды. Миллиондаған соманың тауарлары тиынға кетіп жатты. Қатындар көтерілісі ең алдымен осы Ақшатаудан шыққан. Жол жабу дегенді де осы ақшатаулықтар ойлап тапқан.

Сол Ақшатауда бүгінде мыңға толмайтын жан тұрады. Кетуге болмайтын болғандықтан тұрып жатыр. Радиация деген бар. Жергілікті жұрт сәулен дейді. Соған ұшырағандар сәуленсіз тұра алмайды.

Ал бір кездері осы Ақшатауда он мыңның үстінде халық тұрды дегенге сеніңіз. Менің осыдан алпыс жыл бұрын балмұздақ жеп, лимонад ішкеніме сеніңіз. Оны сол жергілікті жерде жасайтын.

Сол Ақшатаудан үй ала алмадым. Комбинаттың осы саласы бойынша жарылқаушысы менің туған нағашым болатын.

Менің көшім солай басталды.

Содан көш басталды. Ел қалаға ағыла бастады. Көпшілігі Ресейге ағылды. Соңынан солар туралы анау озыпты, мынау озыпты деген сөз жиі естілетін болды. Ел содан тоқтап қалған. Басты себеп - сәулен болмай қалған...

Сөйтіп Ақшатау көші тоқтады. Көп қабатты үйлерді бұзып алып, олардың

кірпіштері мен төбеліктерін, іргеліктерін Астана мен Қарағандыға, қалды іргелес жатқан Балқашқа асырды.

Не керек, отыз жыл бойы көшті ғой. Өздері Ақшатау ішінде көшіп жатаған жер үйлерге ауып алды.

Кері көшкен бауырлар да аз болады.

Сонымен не өзгерді? Аханның айтқан болжамы келді ме?

Ішкі даусым:

- Келген жоқ, - дейді.

Мен келді деймін.

Келгені сол кейінгі жүз жылдықтағы патшашыл, ресейшіл, орышыл құлдық саналарынан арылып жатыр. Біреу бакилыққа озды ма - мүгіл ауыл болып жөнелтіп салады. Біреуі ошағын әкеледі, біреуі қазанын әкеледі. Келген, кеткен кісілерді ауыл болып тосып алып, ауыл болып шығарып салады. Мұнда кісі жөнелте қоятындай асхана, болмаса тойхана сынды ғимарат жоқ. Бөліп алады.

Көпшілік ақшатулықтың барған жері - Қарағанды мен Балқаш қалалары. Сол жақтағы бауырларында той болады ма - орталарынан көлік, кісі шығарып жетеді. Кісі қайтса да солай. Көлік жіберіп атақорымға әкеліп жерлейді. Сіздің Ақшатауда ешкіміңіздің қалмауы мүмкін. Бұл олар үшін әңгіме емес. Өз адамындай жөнелтеді. Барлық жөн-жосығымен.

Менің сонда туған апайым тұрады. Мейірбике болып істеген. Қазір еңбек зейнетінде. Тағы бір-екі әріптесі бар-ау деймін. Сол кісілер тыным көрмейді. Жиырма төрт сағат бойы. Ауру күтеді. Екпе салады. Дәрі береді.

Отадан басқасының бәрін жасайды. Ең бастысы олардың кінәсінен кісі өлімі жоқ. Солары үшін көк тиын алмайды.

Өздері дәрігер, дәріні де өздері та-

уып алып жатады. Өйтетіні ондағы медициналық құрылымдардың барлығы құрдымға кеткен.

Ақшатауда негізінен Қаракесектің Керней атасы тұрады. Одан тыс Әлтеке, Сарым, Тобықты аталарының ұрпағы тұрып жатыр. Қазір бұлар бір атаның баласындай болып өмір сүреді. Бір күн, болмаса екі күн қонақ шақырады. Шекеге. Сонсоң қыс бойы қонақтап жүреді.

Біздің қорымыз бар. «Көкбөрі Керней баба» деген. Қоғамдық қайырымдылық қоры. Осы қор арқылы жағдайы жоқ бір-екі баланы тегін оқытайық деп шешкенбіз. Сенесіз бе, сол қор арқылы атымен басқа атаның баласы оқып шықты. Мұнымызды нағыз қазақылық десек болады.

Сонда бұл жерде Ахаңның айтқан қай қазақылығы кетіп тұр?

Сөйтсек, Ахаң сол кездегі қазақылығымызды айтқан екен ғой. Бір бірімізді көре алмайтын қазақылық, бір бірімізді сатып кететін қазақылық, бір бірімізге топырақ салмайтын қазақылық. Қарындасына ұрғашы деп қарайтын қазақ, ауылдағысына мәңгірт деп қарайтын қазақ.

Аханның айтып отырған осы қазақылығы біртіндеп болса да қалып жатыр.

Сол ақшатаулықтар мешіт салып жатыр. Екі қабатты. Мен білетін Ақшатауда молдасы жоқ болатын. Болса екі-үш намазханы бар болар. Сонда?!

Ал қалада бұл өршіп тұр. Қаладағы қазақылық біржолата тоқтамаса да соның алдында тұр.

Мұндағылар алименттен қашып жүр, талақ дегенді шығарып қатынтастағыштықты әуезе көріп жүр. Әке-шешелерін деддомға, ба-

лаларын детдомға тапсырып жатыр. Ауылға барып дем алғаннан гөрі шетелді тәуір көреді. Көршісіне өлдім десе кірмейді. Өлген адамға тойға барғандай малынып барады. Қазақша сауал қойсаң орысша жауап аласың. Шіркеуге барсаң поп қазақты көресің. Көкала ақша көрсе күшәла жегендей басы айналып, әке-шешесі тұрсын өз есімін ұмытып қалады. Тамақ талғаудан калған. Қолтырауынның еті ауруға мың да бір ем деп маймыл-сусиыр етін тұтынады. Ең бастысы мешіттен қашып жатыр...

Басқа басқа, мұнан ешқандай да қазақылықтың иісі шығып тұрған жоқ.

Мұны кімге айтарсың?

Ең бастысы Ахаңның айтқаны келді. Көш тоқтады. Ахаң білген қазақылық тоқтады, болмаса тоқтауға жақын.

Сонымен қатар ел «қой терісін жамылған» қазақылықтан ажырауға ұмытылуда.

Ол тұста мен де өзімше Ахаңша ойланғам. Бүгінде байқасам екеуіміз екі түрлі ойланыппыз.

Менікі:

- Умерь Король!..

Ахандікі:

- Да здравствует король!..

Арамыздағы үнсіздікті Ахаңның өзі бұзған.

- Тоқтаған су сасиды...

Әр жағын айтып керегі жоқ. Тұрған деп айтпайды, тоқтаған дейді. Көшке тигізіп айтып тұр.

- Арктикадан басқа жердің бәрінде қазақ баласы тұрып жатыр. Болса сол Арктикасынан бізге тілеуқор болып отыр. Оның зәуаттық жады біздің ертеңіміз үшін жұмыс істейді. Көшкін жұрт болған соң аман жүрміз. Отырғын болғанда сол отырған жерімізде қалар едік...

Ахаңның осы сөзінде пәлсапалық жатыр.

Су токтаса оның өлгені. Көш токтаса да оның да өлгені. Өлгені сол отырықшы болғаны. Сонан сасығаны... Шошқа жеп сасығаны. Қарындасын қатын етіп сасығаны... Ең соңында өзі секілдіні қатын етіп сасығаны... Не болмаса басқа еркекке қатын болып сасығаны...

Сиырдың бұқаға артылғаны түк болмай қалды.

- Патшамыз барша қазақ баласын қол астына алып жатыр. Одан қазақ баласының саны артып жатса көріп алдық. Есесіне жері кеми береді. Қазіргі қазақ баласы тұрып жатқан жердің бәрі де бабаларымыздың жері...

Ахаң тағы да пауза жасаған.

- Кәрі құрлығың маврланып жатыр. Енді бір елу жылдан кейін онда аққұлағың қалмайды. Қалса Еуропа атауы қалар...Ендігі әлемді осылайша көш билейді. Көшкен жұртқа ешқандай да қарудың керегі жоқ..

Көш деген жаңару деген сөз.

Жаға жаңартайық...

Жұрт жаңартайық...

Ахаңмен өткен бір дүкеніміз осылай аяқталған.

Бүгінде Ахаң жоқ. Ахаң болмағанымен рухы қалды.

Сол рухы қылаң беріп қояды.

- Қытай мен Үнді көшпесін, - дейді Ахаң-рух.

Расында да оларды көшірмеу амалымыз қайсы?

Жер беру ме?

Не деген қорқынышты сауал еді.

Көшімізден ажырамайық...



- Осы жұрт мені «Қазақтың Гумилеві» деп жүрген көрінеді, осы жұрттың ішінде сен де бармысың? - дегені...

Мен жауабымды жұптай бастағам.

Тарихқа барған еуроазияттар кашанда Гумилевтен араша сұраған. Менің де араша сұрағым бар. Ахаң үшін емес...

Ахаң бару үшін...

- Осы жұрт қазаққа екі Ахаңды көпсінеді-ау шамасы...

Тілдің байланған жері осы. Менің жауабым әу бастан дайынтын.

- Әлде сенің жұрттың бөлек пе?..

- Асан... - деп аузымды аша бергенше...

- Қайғы! - деп қойып қалды.

Менің мерейім асып тұр еді.

Айтарымды Ахаң алдында айта алдым деп.

Айтарымды Ахаңның өзіне айттыралдым деп.

Отырып.. отырып...

- Қорқыттан әрі асырмағаныңа тәубе, - деді.

Күбірлеп айтса да естіртіп айтты...

- Бір кездері Тарақты Ақселеу деп жаздым. Сонан ел ал келіп сөксің. Рушыл деді. Трайболизм иісі бұркырап тұр деді. Бұл бірден Тарақтыдан туа салыпты деп қыжыртқандар да болды. Тарақты Ақселеу деп ажырайтып жазатындай қазақта Ақселеулер көп пе еді деушілер құлақтарын қылтитты. Шынтуайтында мен Сарыарқа болып қаламын, Сарыарқа-Ақселеу болып қалатынымды пайымдаймын.

Сол Сарыарқа ғұмырым көшке толы болды. Ғұмырым бойы көшіп жүрдім. Содан да қазақтың Ақселеуі атандым.

Неге екенін қайдам, Ахаң осы ғұмыр сөзіне келгенде бірінші жақпен сөйлегенді жарататын. Мұндай сөз саптауды Мәшкеннен ұшырастырғанымды есіме алдым. Сонан Мәшкенді айналшақтап алайын. Ойыма «биттей быжынап, құрттай құжынап» деген сөз тіркесі орала береді.

Бұл сөздердің түп мағынасының көп екендігін сезінемін. Қаншалықты көп?

Ахаңның айтып отырған көші қай көш?

Көштің озаңы мен созаңын білемін. Озаңы көштің барталы, созаңы қамшыгері. Озаң сөзі өзіміздің ұзын сөзімізбен түбірлес. Біраз түркі жұрты ұзан деп сөйлейді. Ұзын болғанда қысқасы да болса керек. Олай болса...

«Ұзында өші, қысқада кегі жоқ» деп тақылдауымыздың жөні қайсы?

- Бұл сөз өзіміздің көшімізге байланысты. Біз ойлайтындай бабаларымыз жаз ғана көшіп қоймаған. Қыста да жұрт жанартқан. Осының ұзыны жаз көші де қыс көші қысқасы. Мұнан шығатын түйін - қазақ баласы көшке тиіспеген. Қазіргідей шалғын құлын сұрамаған. Апталап аял жасауға кеңшілік жасаған, кір-қоңсын жууға мұрсат берген. Мұны кешегі шалдарымыз еру деген.

Мұндай көш жұртында біраз мал қалған. Ақсақ-тоқсағы дегендейін. Көзіне ақ түсті дегендейін, аяғына жем түсті дегендейін.

Көштің алды озанға, соңы созанға түскенде ұлы көштер бөлініп қалған. Ұзыны жар асқан, қысқасы ел ішінде қалған.

Осының өміршендігі қысқасы. Өйткені ол ата-бабалар қорымынан ұзамаған. Ал ұзынымыз басқа жерді тұрақтап қалған. Ондай көштерде



озанымыз барған жерінің иісің алады, қайтар сорапты ұмытады. Біздің бабаларымыз ешкімнің жеріне қызықпаған. Бірақ әлгіндей себеппен жерін ұлғайтып алған. Түркі әлемінің Ібір-Сібірден асып, Аляскаға табан тіреуінің басқа салдары болды деп ойламаймын. Бабаларымыз өз империяларын - көшпенділер империясын осылайша құрған. Ешқандай қарусыз. Ешқандай жақ тартпай.

Көш арқылы. Керек десеңіз бабаларымыз сол көш арқылы Сарыарқаға да келген. Қаратаудың басынан... Біз сол жұртта отырмыз!.. Сарыарқа біздің Бастилиямыз!..

Барып-барып еңтігін басты. Осындай тосын ойлар шаршататын болса керек. Ахаң ойын сабақтағанша мен біраз жерге барып-ақ келгем. Сондағы ой қазақтан басқа жұрт көшпеген бе деген ой. Сарыарқада бізге дейін жұрт тұрмаған ба деген ой.

Қызығы бабаларымыз мұнда өз жұртындағыдай тұрған ғой. Білетін ел «Жеті жұрт көшіп, жеті жұрт қонған жер» деп жатады.

— Сол жетінші жұрт біздің бабаларымыз болады. Соңғы екі жолы қонған деп тұр ғой.

...Соңғы бір апта мұғдарында әлеуметтік желіде тағы бір дау пайда болған. Сарыарқаның кімдікі туралы. Ер Доспамбеттің Сарыарқа туралы толғауынан кейін. Бір бауырымыз «әркімнің өз Сарыарқасы бар» дейді. Екінші бауырымыз «Сарыарқа қайда, Азаулы қайда» деп шегіншектейді. Тіпті ноғайлар Жетісудан бері аттамаған дейді. Ер Доспамбеттің Сарыарқасы үшін өліп кетсем өкінбен деп тұрғанда біздің теріс айналғанымыз қалай болады? Жерге келгенде Ноғайлының отырған жерін өз жұртымыз деп айтамыз. Олар айтса шам шақыратынымыз қалай?

Бір кездері осы жұрттың бізден пана сұрағаны белгілі. Барша қазақ баласы солардың тілеуін тілеген. Алайда патшамыз мойын бұрмады.

- Өзі білмесе де Құдай білдіріп тұр, - деп ағамыз әбден риза болып отырды.

Қазір ойлап отырсам Ахандікі жөн сөз екен. Ноғайлыны қосып алсақ жерін беріп аламыз ғой. Ал ол жер қазактікі емес пе еді?

Міне, біз біле бермейтін құсалық!

Жоғарыдағы постқа мен де өз коментімді жазғанмын.

- Қазақта Сарыарқа біреу! - деп.

Бұл Ахаңның сөзі болатын!

Жүректе қалған...

Қазақтың бүгінгі жер көлемі аз емес. Бұл жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрмыз. Бұл тізім бойынша тағы бір-екі бірлікке көтерілуге болатын еді. Алайда ондай жолды кесіп тастады. Баяғы сол көш. Кәуірлердің көші.

Переселендердің көші, қарашекпенділердің көші, жалаңаяқтардың көші, мыңыншылардың көші, тыңгерлердің көші, комсомолдардың көші, қашқан-пысқандардың көші. ..

Сол көш бетін қайтып кері бұрмады. Соның салдарын әлі тартып келеміз.

Осыған дейін сайын даланы тек көшпенділердің үш жүзі мекен етіп келген. Бүгінде қазақты төртінші жүзсіз көз алдыңызға елестете алмайсыз. Ол кәуірлердің көшпенділері...

Бұл да түк емес. Қазір бесінші жұрттың елесі қазақ даласын кезе бастады. Олар некесіздер, жетесіздер жүзі. Не әкесін білмейді, не шешесін білмейді.

Жүзі қағаздан қудай, түсі шағырдан көк. Төлқұжатын көрсең қазақ деген жазуды көресіз.

Түскейдегі көршілеріміз орындарынан қозғалған сыңайлы. Ал



қозғалған тастың жуық маңда орныға қоюы екіталай. Алды қырық сылтаумен біздің жерімізге көше бастады. Төлқұжатында олар да қазақ болып тұр. Тырнағының астына ине жіберіп көр. Қансуша шәңкілдеп боктай жөнелсін.

Көш..

Қай-қайсымыздың болсын қанымызда көштік ғұмырымыз тұр. Алайда біз көше алмайтын жағдайға келдік. Біздің жұртымызға басқа бір қазақтың көшіп келетініне көз жетпейді.

Көшіміз тоқтамасын!

Қазақ болып қаламыз десек көшуіміз керек. Алды-артымызға қарайламай.

Қазақ баласын тапқан әйел баласын әнім дейік!

«Батыр Ана» белгісін алған әйел баласын ханым дейік!

Өз қызын өзіндей қылып тәрбиелеген әйел балаларын жаным дейік!

Бүгінде қатарымызда Ахаң жоқ. Алайда Ахаңды тудырған даласы бар. Сол далада біреу біліп, біреу білмеген бір төмпешік жатыр.

Білетіндер қазақтың Ахаңы-Акселеуі жатыр дейді.

Білмейтіндер де біледі. Білгенде қазақтың рухы жатыр дейді.

Сол рух маған Ахаң болып көз алдымда тұрады.

Сол рух маған Көш болып елестейді.

Көштен көз ашпайық!

Көшкен жұртымызға қазақ қонсын!

- «Орыстың бетін тырнасаң татар көрінеді» деген біреуге жакқан,

біреуге жакпас сөз бар. Мұнда үлкен саясат жатыр. Ұзын арқан, кең тұсауға орайластырған. Орыстың қазіргі үлкен жауы - татарлар. Олармен ашық жауласуға дәті бармайды. Ал арқандасуға, тұсауласуға келгенде бұл жұрт алдына жан салмайды. Олардың мұнысы аярлығынан. «Орыстың бетін тырнасаң татар көрінеді...» Бұл орыс аярлығының шыңы! Бұл керемет тыншу сөз. Татарларды тыныштандырды, өздері де тыншу алды. Үлкен саясат деп осыны айтады. «Татарды тыныштандырсаң башқұрт ұйқыға кетеді» дейді. Тағы солар. Керемет сөз ғой... Әйтпесе оларда да көш басталады. Ғаламдық миграция...

Ахаң әңгіме айта біледі. Ахаң жетелей біледі. Жетек сөзді таба біледі. Қазақтың көші жайына қалған. Ғаламдық көшке ауысқанбыз. Ахаңның сөзіне қарасаң орысымыз өзағамыздың кейінгі жақын жұртымыз екен.

-Көш көрсе иттің ілесетінін білетін шығарсың. Біз білмейтін табиғаттың тылсымы көп ғой. Соның бірі ит жаратылыс. Осы итті жақатпаған кешегі шалдарымыздың сол ит дегенде шығар жандары басқа еді-ау. Қазіргі қазақ айта береді ғой. Негізі қасқырды алатыны итазуы. Өйтетіні қасқырмен жаратылысы бір. Қабы ит болғанымен, сабы - қасқыр. Сендердің жерлерінде Итазу деген жер атауы бар. Сенің Өмеңнің үйінде сол ауылдың көпей шалдарымен дастарқандас болғаным бар. Риза болғаным, әлгі көпей шалдың өзіммен өрелесе алғаны. Әлгі шалымыз біліп айтты ма, естіп айтты ма, көріп айтты ма, әйтеуір ол ауылға ит-құс таза жоламайды дейді. Сөзіне сендім. Айтушыдан да болады ғой. Сендіріп айтты.

Сол сендердің ауылдарында Сүбіхібек Әбдірахимов деген



басасаулығын өзімен бірге ала кеткен ақсақал өтті. Барынша ғалияшыл еді. Әкесі Ахмет елге тұтқа болған адамды. «Ғалияны» тауысқан. Сол кісінің әр нәрседен хабардарлығы білінді. Шежіреге түссе адастырып кетер еді. Әңгіме айтуы да бөлек еді-ау. Бар денесімен қозғалып айтатын. Онысы өзіне жарасып тұратын. Соған орай құлақ қойғанымызда шеміршегімізді қайшылап отырар едік. Сол кісінің айтқаны бар. Қазақта иткөш бар деп. Ол көштің берекеті бар деп. «Иесін талаған ит жақсы» деген сөз содан қалған болар. Қазақтың жанына жалау болған төрт түлігінен кейінгі жақын тартқаны осы ит мақұлық...

Ит жөніндегі тақырыптардан қашып жүрем. Ахана тиіп кете ме деп. Өйтетінім... Ел ішінде сөз бар. «Ит жаманы - барақ-ты» деген... Сөйте тұра жүз жиырма алты қаһанымыз бен ханымыздың тең жартысының есімдерінің Барақ болуы қалай дейсіз? Барақ есімді қазақ батырларының саны да бір жиырмадан асып түседі екен. Сонда Барақ қалай жаман болады? Өйтеуір бір күні Бараққа барып тірелетінімізді мен білмедім емес, білдім. Соған орай іш дайындығымды сақайттым. Арғы-бергі білгенімді миказанымға түсірдім. Мидан жүйрік ештеңе жоқ ғой. Мың сан жауапты ұстатты. Соның біреуі ғана тура. Соны дөптеймін деп талай танды көзім бақырайып атырдым.

Әу басқы әңгімеге оралайын. Сүбікібек ақсақал менің көрген адамым. Аудан орталығынан бір қырық шақырым жерде тұрды. Аптасына кем дегенде бір рет қоңырау шалады. Келгін дейді. Жұмыс аяғында барып тұрам. Ол кісі болса ауыл ақсақалдарын көгендеп қойғандай жозы айналдырып отырғызып қояды.

Сонан түн ауғанша ауызымыз жабысып сөз сапырамыз.

Сондай себеппен Сұханнан біраз әңгімесін алып қалдым. Сол сапырыстың ішінде итталау да болған екен.

Ит көрмедім деп айта алмаймын. Көсеу ит бар деген жердің бәріне ерінбестен бардым. Былай қарасаң бейкүнә мақұлықат ғой. Иесін талайтынына еріксіз күмән келтіресің. Бірақ талайды екен. Иесін...

Онысы не дейсің еріксіз? Бүгінгі күннің қазағы ойланбастан құтырған тиді деп бір оққа жалынар еді.

Ал кешегінің қазағы үйін жығып көше жөнелген.

Ит өзі таза болмағанымен тазалықты сүйген. Иттің басты жауы қасқыр. Оның серті - қасқыр. Не атажауын алып өледі, не өзі жем болып кетеді. Итөлім деп осыны айтады. Өлімді өзі іздеп барады. Ит өлімтігін көрсетпейді деп осыдан айтады («Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді»). Сонда оның сүйек-саяқтары қайда кетеді? Көміп кетеді. Атажаулары...

Бұл әлгі жозы жағалап отырған қайрақтылық шалдардың сөзі.

Итталау да болады дейді. Иесін жүргізбейді дейді. Аяғына оратылып. Үзеңгіге аяқ салса ат алдынан тұрып алып үргеніштейді дейді.

Иесі есті болса иттің жаманшылық сезіп тұрғанын сезеді.

- Көш! - деп тұр еді үргеніші.

Өйткені ол жер жаманауыздың қабірстаны еді. Ал жаманауыздар ондай қабірстандарына оқтын-оқтын оралып отырады.

Бұл иесіне де, өзіне де қауіп. Содан ит иесін талайды.

Есті иесі мұндайда есті итіне жүгінеді.

Ит қашанда көшті жаманауыздар



қорымынан сырт қондырады. Ит көш деп осыны айтады.

Бізге де сондай бір көш керек-ау...

Ит жаманының да осы көшке тікелей қатысы бар. Әңгіме барак жөнінде.

- Бәлі, - дейді ағамыз, - иткөшің жөніндегі әңгімені құлаққа тосандау естілгенімен барак жөніндегі пайымың менен де ілгері кетіпті. Төре болмағанымызбен біздер төреге есепсіз. Төре емеспіз, төреден былай да емеспіз. Сен қаузаған баракты біз де қаузағанбыз. Сол төреңізге біз де барғанбыз. Сіз қойған сауалды біз де көлденеңдеткеміз. Сондағы айтқандары... Ит төресі - баракты!

Барак итті жаман қылып отырған тағы өзіміз. Не жақсы болса сол жаман емес пе? Қасқырға қарсы түспеді деп кем ұстаймыз. Алайда қасқыр көрсе құйрығын қысатын дүрегейіміз емес ғой. Барағымыз ит болғанымен қасқырға есеп үргенішіміз. Қалған түйінді өзің түйнестей бер. Жаман болғанда Баракқа қасқыр болмадың деп тұр. Біздерге - Тарактыларға төре болмадың деп тұр...

Қасқырға қарсы тұра алатын барағың біздің көшімізді қайтсын. Иесінің күйін күйттемеген соң барак қайдан жақсы болсын?!

Бұл әңгіме осыдан бір қырық жылғы бұрынғы әңгіме. Қашанда бір бүйрегінде жүруші еді. Соны айтатын уақыты келген екен. Оған көлденеңінен себеп болған Базарбай Әлеухан бауырымыз. Осының алдындағы Ахаң жөніндегі бір жазбама жазған коментінде Бажекең тура-сына көшкен екен. Иткөшті қалдырып кеттіңіз деп...

Сонымен үш күн ішінде Ахаң жөнінде, Ахаңа қатысты күмәндар жөнінде төрт жазба қалдырдым. Негізгі тақырыбы - көш, әрине.

Түсіп жатқан сауалдарда қисап жоқ. Бұл Ахаң тірі деген сөз. Іздеушісі бар адамға өлім жоқ.

Ал көшке қайтып оралсақ...

Бізге деп себеп керек...

Итсебеп...

Көшімізді түзейік.

- Біздің тағдырымыз қыл үстінде тұр. Жан-жағымыздағы жұрттың бәрі ұлы көш қамымен жүр. Бір шамырқаныс бар. Бұл дүмпу қазақ баласына барынша қауіпті. Сенін Мұхтар ағаң айтып жүргендей кешегі қазаққа досжар жұрт қалмай барады. Тағы бір ағаң егізбіз, семізбіз деп жырлағанымен сақау жұрт та біздің пұшпақтан дәмелі. Өзағаң қазақ жеріне баяғыда өтіп алған. Олар өз қазанында меймілденгенде ешқандай күш оларға тосқауыл бола алмайды. Біздегі өзағандар өкшесі көтерілген өзағандарға қазақ қақпасын ашып беретініне шүбәң болмасын. Түрік ағайынның есебі әу бастан белгілі. Түрік әлемін жетелемекші. Түрік әлеміне табан тіреп. Сондағы тірейтіндері қазақ жұрты. Олар да көшеді...Түріктерді айтамын.

Амал жоқ көшеді. Өз жерінде сипай отыр...

Бұл енді миға салмақ салатын сөз. Өзін аямайтын Ахаң мені қайтсын. Ахаң дауыссыздар жертөлесінде менің отырғанымды біледі. Филологтығым шығар, алғаш бетте басқы әріптері дауыссыз әріптерден тұратын болған соң айтқан шығар деп ойлайтын-мын. Кейін аңдасам олардың дыбыс



шығармай басатынын айтады екен. Оны өз басынан өткерген екен ғой Ахаң да. Онымды да ежіктеп сұраған. Мен ежіктеп жауап қайтармасам да жөні-түзу жауап берсем керек. Қайтып қайталанбаған.

Қазақта бір есті сөз бар. Астыңнан су шықты ма деген. Соған бойлаған кім бар екен. Сыр тартылып жатыр. Жетісу сулары да жылап ағатын болған. Керісінше Арқа тасып жатыр. Жұрт Арқаға су қайдан келіп жатыр деп таңырқайды. Су оралады, ағайын. Бұрын болған, біздің кеззаптығымыздан арнасынан қашқан.

Еуропада сондай бір жайт бар. Олардың да жер асты сулары бүлкілдеп жатыр. Жарып шықса не болады?

Көшеді, әрине!

Қайда?

Қайда болушы еді... Қазақ топырағына!..

Осы жерден Аханды сөйлетелік:

- Қазақстан анклав жер! Өйтетіні Қазақстан тың жер! Әрі-беріден кейін көше алмай отырған жұрт... Мына түскей көршіміздің жағырапиялық картасында қазақ даласы иесіз, жұрт тұрмайтын жер ретінде көрсетілген. Олардың есебінде біздің қазақ жұрты бір ауылдың халқы ғана. Байқайсыз ба? Нені меңзеп отырғанын.

Бұл кеззаптық кешелі-бүгін пайда болған жоқ. Мұны патша да, бас хатшы да, паша да, контайшы да, боғдыхан да, әмір де ойлаған.

Табиғат-Ананың бос кеңістікті жақатпайтынын қаперге алмаймыз.

Орыс ағайын қазақ даласын сынақ алаңы деп біледі деп ойлаймыз. Бұл барынша адасқақ түсінік. Аю жұрттың көздегені қазақтың орталық, теріскей пұшпақтары. Қайда барсаң да теріскейдің салмағы басым жатады. Америкада да солай, Қытайда да,

Ресейде, бізде де солай. Корейдің де, Вьетнамның да теріскейі көш ілгері тұр.

Қансу көршіміз де сол ойда.

Ертең алда-жалда үшінші отан, болмаса жаһан соғысы басталса ол қайда өтпекші. Әрине, қазақ даласында, қазақтың Сарыарқасында!

Осы жерде еске еріксіз Ер Доспамбет жыраудың атақты жыр жолдары түседі.

Екі арыстан жау шапса,

Оқ қылқандай шаншылса,

Қан жусандай егілсе,

Аққан судай төгілсе,

Бетегелі

Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес!

Бұл осыдан бес ғасыр бұрын айтылған сөз.

Біз соған дайынбыз ба?

Гәп осында...

- Сарыарқа десе бойымызда бабаларымыздың қаны атойлап шыға келеді. Сынық сүйем қалғанға дейін соғысатынымызға сенімдімін. Сол сынық сүйем жер ақырғы қазақ баласының қабірістаны болады...

Не деген ауыр сөз еді?!

- Сарыарқа десе қазақ баласының қазақтық рухы оянады. Сонда ол жан шыдатпайды. Жалғыз өзі кешегі Салқам Жөңгір сынды жаудың алты жүзіне жалғыз қарсы тұрады. Мыңына ойланбастан қарсы шабады. Соны қазіргі біреулер қияли шаруа деп жүр. Жоқ, ол болған. Бола да береді. Олай дегенде қазақтан туған бала жаудың қаншасына төтеп береді? Мыңына!..

Осы жерде қазақ оғыланы десе болады ғой. Солай десе де әңгімеміздің сықпыты бұзыла қоймас еді. Жоқ, тигізіп тұр. Бір ғана маған емес.

Қазақтан туған бала дейді. Басқаларының бізде шаруада



шаруасының болмағаны да.

Жалдамалы әскер жалдай алмайсың. Оның сатып кетеді. Шыңғыс қаһанның да қолы солай күйреген. Олай болса дүниеге топырлатып қазақ баласын әкелуіміз керек. Қазақ елі мәңгілік ел болсын десек осы жолдан басқа жол жоқ.

Осыдан біраз бұрын Сирияға кетіп, шаһидтік жолға түскен қандастарымыз туралы жабық кеңес өтті. Сонда мынау өзіміздің Шет ауданымыздан біршама азамат қатысқан екен. Ең қызығы солардың бірде-біреуі сол тұстағы қырғында окқа ұшпаған екен. Соны естіп менің кеудемді бір алапат сезім кернеді. Қуаныш, мақтаныш сезімі. Бар екен ғой ерлерім деп кәдімгідей шаттандым, мағмұрландым.

Ертең біздің жанымызды солар алып қалады деп ойлаймын. Алайда қысық көз көршіміз мың емес ғой, миллион ғой, керек болса миллиард ғой...

Бір сәтте қазақ баласы аюға да, айдаһарға да қарсы тұра ала ма?

Тұра алады дейді ішкі дауысым. Оттапсың дейді тағы бір ұры дауыс...

- Тұра алады, - дейді Ахаң, - тұрғанда қандай? Ел ойлағандай соғыста танкілер соғыспайды. Адамдар соғысады. Тек қаруларында өзгешеліктер болады. Біреу үшін қамшы қару, біреу үшін боқауыз қару.

Мына қансулар өмір бойы «жаяу соғысқан». Анығырағы әрі қарай құлай салған... Турасы - көше салған... Сөйткен жұрт әлемді билеп отырған жоқ па?!

Біздің бабаларымыз да өмір бойы соғысқан. Сол соғыстарында ешкіммен одақтаспаған. Өйтетіні, ондай одақтасудың ешқандай баяны болмаған. Есесіне өздерінен ондай қайрат, ондай одақтас тапқан. Арқаның

арқыраған алты ай қысы Қытай қорғанынан бір де кем болмаған. Қолдан сасық тұман жасаған. Таудан тас ұшырған. Соңғы дәрмені кеткенде отырған жерінен көшпей қойған. Өз жерінде отырған қазақ бас еркін берсе де рухын бермеген.

Мына жақта Ресей, ана жақта Қытай қазақ қырғынын жасап жатты. Большевигі қырды, меншебегі қырды, қызылы қырды, ағы қырды, советі қырды. Жұтқа ұрынса да қазақ баласы ешқашанда ашаршылыққа ұшырамаған. Қалай орыс қамытын кидік, солай ашаршылық бұлты пайда болды. Сорпаға шығарларын қырық жыл бойы қырды. Қарашасын асырап отырған қаратабандарын ол қырды. Қазіргілер таң қалады. Сауаты кем адамнан қандай қауіп күтті екен деп. Ау, ол сауаты кем болса да оқығаннан да артық білетін өз мамандығының білгірі еді ғой. Ау, ол қасапшы еді ғой! Шымшықты соя білуші еді ғой.

Мен отызыншы-қырқыншы жылдардағы репрессиямен шұғылданған адаммын. Біраз уақытымды алды. Төрт-бес кітап жаздым. Өкініштісі қаражат байлаулығынан жарық көрмей қалды. Сонда да еш өкінішім жоқ. Қайтарымына репрессияның басты себептерін білдім. Орыс жұрты қазақ баласын осы репрессиялар арқылы сатқындық жолға салған екен. Бір тілім наны үшін бір ауылды окқа байлап бергендер болған ғой. Қазір әкесін сату деген түк болмай қалды. Сатқаны сол - әкелерін қариялар үйіне тапсырып жатыр. Балалары болса жетімектер үйінде. Мұнан шығатын түйін көкек ер мен көкек әйелде отбасы, отан, туған жер деген ұғым болмайды. Бұлар - мемлекеттік сатқындар... Жақында әлеуметтік желіден жиырма мың теңге үшін көршілерін сатып





жібергендер туралы оқыдым. Бұл қазақ даласында сатқындық синдромы әлі жүр деген сөз.

Әлемнің көзі қазір қазақ жеріне тігулі. Жеті қырдың астында жатып алып ол жерлер неге бос жатыр деп сауалдарын тікелей қояды. Былай қарасаң бейкүнә сауал. Түптеп жіберсең жаның шошиды. Бізді асыра дейді өркениет жұрты. Әйтпесе ол жерлерді босат дейді.

Тағы да көшке келіп тірелдік...Бұл біздің көшіміз болмақ емес. Бұл басқа жұрттың қазақ топырығына көші болмақ. Жерінді алса астындағы атын, қойындағы қатының бұйдасына кетеді.

Зауыт, пәбірік салмай-ақ қоялық. Ұақ шығарып та керегі жоқ. Атом бомбасын беріп қойды деп елбасымызды да ғайбаттамалық. Өйткені... Келешектің стратегиялық қаруы - қара нан мен қара су болмақ. Сол нан мен суға кім ие, сол әлемді билейді. Сол су мен наннан тарыққан қазақ баласы бар ма?

Ендеше мына ұлы дала - қазақтың ақ селеулі сары даласы бос жатпауы керек. Алтын құрсақты қазақ әйелі мына дүниеге тек қазақ баласын әкелуі керек. Он баласы бар адам Құдай емей немене деген бабаларымыз. Құдай болмай-ақ қоялық.

Бірақ Құдайдан былай да болмайық.

Сонда қайтып өмір сүрмек керек?

Билік конституциясымен өмір сүреді.

Ал бізге қазақ болып өмір сүруден басқа жол жоқ!

Ол үшін қазақ тілінде ғана сөйлейік...

Ол үшін қой (марка) етін жейік...

Ол үшін тұңымыздың соңынан кемі тоғыз бауыры ерсін...

Ол үшін қазақ болып туайық...

Ол үшін қазақ болып өлейік...

Сонда ғана жаһандық көштегі теңіміз аумайтын болады.

Тағы да қоңырау шалған. Тағы да Ахаң:

- Ақселеуің көшіп барады, - деді.

Дауысы біртүрлі тарғылданып шықғы.

- Қатын-баламды тастап көшіп барамын...

Маған мұнысы зілденіп айтқандай болып көрінді. Ішім сезіп тұр қайда көшіп бара жатқанын. Бір үлкен қызмет берген шығар деп қоям іштей. Сонсоң санамалай бастаймын. Институт директоры, университет ректоры...

- Әйтеуір сығанның көші емес...

Екі жақ та үнсіз қалдық. Менің болмысым барынша жақтырып тұрған жоқ.

- Дұрыс ойлап тұрсың, амалсыздан көшіп барамын. Көшпесең тағы болмайды. Қайтып қызмет ұсынбайды. Қора-қопсысымен ұсынып отыр. Шайтан деп айта алмаймын, пенделіктің араласқаны бар болар.

Менің Ақселеу болып қалуым үшін қызмет керек. Жалпы, менің қызметке жарығаным болмапты. Шалбарсыз костюм кигізген сияқты сөлпиіп шығады. Тайқара беріп байқара қылып шығарып алады. Сені қайдан көрдім деп осындайдан айтады. Ауамен қоректенбейсін. тыныстайсың. Жалақының жалды болғаны тынысыңды аша түседі. Кіріптарлықтың қамытын сезінбейсін. Бастысы бұл қызмет менің өмір сүруіме онша кедергі келтірмейді деп білем. Байқаймын, бұл қызмет саған да жақпай тұр. Өзіме де жағып тұрғаны шамалы...

Ал керек болса. Бастапқы жап-



жаксы қызмет ұсынған болар деген ойымнан тайқып шықтым. Аханды аяп тұрмын. Жаным ашиды. Қолдан басқа не келеді?

Жап-жаксы қызметке барды. Іле өзгертті.

- Менің өкіметім Мырзаған. Өлтіре қоймас...

Мырзағам демеді. Мырзаған деді. Бұл, әрине, Мырзатай аға Жолдасбеков болатын.

Іле қызметін де естідім. Мырзағанның өкіметіне жақындапты.

- Акселеуінді жұрт қалай түсінбесе Мырзағанды да жұрт солай түсінбейді. Біреуіміз патшаның сөзін сөйлейміз, біреуіміз патшаның сөйлемейтін сөзін сөйлейміз...

Патшаның өзі сөйлегенінен бұл кісілердің сөйлегені тәуір дейді ішкі сволышым. Тәуір болса тәуір болар деймін. Орыс патшасының сөзін сөйлейтін топ бар. Жымбаға салып отырып, ашық алаңкайдан бірақ шығарады. Бұл енді үлкен саясат деп қоям. Аханның үлкен саясатпен айналысқаны қалай болар екен деп қоямын. Самолет айдайтын адам еді, машина айдағаны қоңылтақсытып тұр.

- Ұшамын...

- Нелетная погода...

Бұл менің ішкі дауысым.

Мен Аханның Астанаға көшуін жақатпадым. Тағы да айтыс-тартыс болатынын бүкіл болмысыммен сезінемін. Мұнан гөрі бұрынғысы көшілгері еді ғой деп қоямын.

Ел топқұрғыш. Ахаң болса қашанда жалғыз.

- Бұл да көш! Жұрт ауыстыру емес. Бұл бірдің көші емес. Бұл мыңның көші!

Сол көштің ішінде Акселеуің де кетіп барады...

Содан Аханның көмейіндегі қалған бір бүлкілді сезінейін. Сен де көшшейші деген. Ал Ахаң ол жолы пойызбен кетті ме, әлде ұшты ма есімде қалмапты.

- Бұл түсіне білгенге ұлы көш. Бұл Елбасымыздың көреген саясатының салдары. Бұрынғы Ақордамыздың бәрі көршіміздің таңдауы болатын. Ал Ақмола бұл қазақ жұртының таңдауы!

Аханның қалай дегенде қитығыңқырап сөйлеп тұрғанын байқаймын. Қитыққаны сол айттып отырған көштің ұлы көшінің жемісі демейді, салдары дейді. Сонда себебі не болғаны? Ақмоламыз сонда уақытша астана болғаны ма? Кәрі тарихқа құлақ артқан болсақ біздің ордамыз Ұлытау болу керек еді. Ахаң да соны жасырып отыр-ау деп ойлаймын.

- Елдің бәрі сенің Жүсіп бабан бола алмайды ғой...

Қай бабамды айтып отыр деп сансыраймын. Ойыма іле Жүсіп Алтайбаев ағамыз оралды. Соны айтып отыр деймін іштей. Цекадағылар қызмет ұсыныпты. Ақтөбеге бар депті. Басын шайқапты. Ақмолаға бар депті. Тағы басын шайқапты. Неге депті. Төбеге бармағанда молаға барам ба депті...

Ақмоланың Ақорда болғанын неге қаламайын. Бірақ көкейде тағы бір ой тұр. Неге Қарағанды емес деген. Сонан Соқыр мен Есілді салғастырамын. Кейінгісі алақаша береді.

- Мен бұл көштен қорқып отырған жоқпын. Ақмоланың шынымен Ақордамыз атануы үшін кемі жарты ғасыр керек болады. Оған дейін не ет емес, не балық емес селедка бола тұрамыз. Оған дейін Шымқалаңыз да өсіп қалады. Оған да статус керек



болады. Ақмолаңыз жабық шәрілер қатарына өтсе онда Қарағандымыз да статус сұрайды. Ақтөбе де осы күйді бастан кешуде...

Мұның бәрі көш деген сөз. Жарты Шымкенттің көшкені білінеді деп айта алмаймын. Ал Қарағандының қалқайған қазағы көшсе не болады? Ауыл көшпесін деңіз. Ауыл көшсе қазақ көшінің теңі ауғаны...

Сонсоң үнсіз қалды. Ұзақ пауза жасады.

-Бұл - аласапыран...- деді барып-барып.

Мен үшін бұл ауыр сөз еді. Оны Ахаңның аузынан естимін деп кім ойлаған?

- Бұл бабаларымыздың Ақтабынан да жаман болады...

Мен Ахаңды қайтып жұбатарымды білмедім. Көңілді демдейтін бір жылы сөз айтқым келеді. Бірақ ол құрғыр көмейімде адасып жүргендей ұстатпай қойды.

- Сенің Өменің айтатын қазақтың көші - көктеуі, қыстауы, жайлауы, күздеуі бабаларымыздың өмір сүру ұстанымы. Бұл біздің ұғымымыздағы көш. Қабдеш ағаңның көшін де солай қабылдаған жөн. Ағаңыз соңғы көш дегенмен ол басы ғана. Оның жаңа жерде де жылдар бойы көшіп жүруі мүмкін. Жерсінбей қойса қайта көшуі де ғажап емес...

Не деген көрегендік!?

Ауылда бір бес-алты ақсақал болушы еді. Күн райын жазбай біліп отыратын. Олар үйден шықпай-ақ ауа райын қолмен қойғандай қылып айтып беретін. Неге екендігін қайдам сол кісілерді есепші ақсақалдар демей, есепші шалдар дейтін. Ешкім де ол кісілерді айтқандары келмей қалды деп күстаналамайтын.

Ахаң бұл қалыпқа сыймайды.

Ностарамдустардың қай жағында деп өзімнен сұраймын.

Ахаңның айтқандарының бәрі келді. Қабдеш ағамның сол көші әлі орнығып біткен жоқ. Ал біраз жұрт ат басын кері бұрды. Байөлкенің қазағы өз жұртын тауып жатыр.

Осының бәрін Ахаң қалай білді, қалай болжады. Екіұшты ғып айтпай-тының өзім білемін. Өз құлағыммен естідім. Сонда?

Әлде ақалы бар ма? Ақал деп үшінші көзді айтады. Түпте сондай бір нәрсе бар деп білем. Байқозы бабасының сілесі бар деп айтады. Сасық тұман түсіріп, жауды бір-біріне қырғызып жеңіс әперген деп те айтады. Олай болса Ахаңда да тылсым күштің бірінің болғаны ғой. Әйтпесе қайдан біледі?

Өменің деп отырғаны Өмір Кәріп ағамыз. Ол кісіден де сондай бір жылтты байқап қалам.

- Соңғы көш деп бакилық көшті айтқан жөн болар. Бабалар жолына түсіп біз де көшеміз. Бәрінен бұрын маған осы бакилық көшіміз қорқынышты. Қазақ әйелінің алтын құрсағы семіп қалған жоқ. Жоңышқаның дәнін сеуіп, екі қолымызды көкке жайып бидай сұрағанымыз қалай болар екен?! Асыл баланың қайдан келетінін, асыл баланың қалай пайда болатынын білсек керек. Бұрынғы қазақ ауыл болып, ата болып, ағайын болып келін (қалыңдық) таңдаған. Қазір бәрі керісінше. Қазіргінің қары бай таңдады деген не сұмдық!? Қарашамыздың да, патшамыздың да ақылы сенің Қырбас бабана жетпей тұр ғой...

Ахаңмен нағашылық-жиендігіміз бар. Содан біздің төршежіремізден хабары бар. Керек жерінде қадап отырады. Бұл да сондай бір әңгіме.



Бір жорықта менің бабам Көкбөрі Жарылғап батыр Қанжығалы қарт Бөгенбаймен қол түйістіріп жауды айдап шығыпты. Содан Жарылғаптың ерлігіне сүйсінген қарт батыр:

- Құйрық жесісіп, Құдай айырмас құда болайық, - депті.

Сонда Жарылғап үндемей қалыпты. Сөйтсе бір түсті төрт баласы болыпты. Төртеуі де аяқтанбаған екен. Сонда қарт батыр:

- Бәлі, сенде жоқ болса менде бар. Бірақ шартым бар. Күйеубаламды өзім таңдаймын. Келер жаз осындай түйісейік, - дейді.

Келер жазда Жарылғап батыр балаларын батыр алдынан өткізеді. Кезек Қырбас деген баласына келгенде ол айқайлай кіріпті:

- Қатыны бай таңдаған бұл не заман? Қатынсыз өтсем де бұл сынға түспедім. Батырға сәлем берейін деп келдім, - деп бір тізерлеп сәлем беріпті.

Содан батырдың Қырғи деген қызы осы Қырбасқа тиген екен. Одан Арқаның атақты асу бермес шешені, биі Бәйсейітбай туады.

- Бұрынғының баласы туа жүріп кетуші еді. Бүгінгі баласы он сегізінде де аяғына шалынып жүргені. Жүріп көшкін болмайды. Туып көшкін болады. Осыны жадымыздан шығарып алмасақ болды.

...Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармасын жұрттың бәрі біледі. Ел соның дұрысы көшпелілер деп жүр. Ал Ахаң болса көшкіндер деп қадап айтады.

- Мен де соң көшкімінен - бақилық көшімнен қорқам. Орныма кім көшіп келер екен деп. Әлде менің көшім тоқтай ма? Бір бүйірінде жүрсе екен осы уайымым...

Өткен жолғы төртінші жазбаммен тоқтағандай болып едім. Болмады. Қайта отырып бесінші жазбамды жазып шықтым. Бір ғана көш тақырыбы бойынша екі баспатабаққа таяу жазба қалдырыппын. Алғаш этнографтың жазбасы болар деп ойлағам. Одан кейін этнологтың жазбасы болар деп ойлағам. Бәлкім, пәлсапашының жазбасы десем болар...

Ахаңа бару үшін, Ахаңнан бірнәрсе алу үшін өзінде бірдеңе болуы керек. Ең алдымен моралдық құқығың болу керек. Ел менен бірнәрсе көріп тұрса оның бәрі Ахаңдікі. Менікі тілмаштық. Қазақшадан қазақшаға қотардым.

Мен де Ахаңның 67 деген жасында тұрмын.

Менде де бір уайым бар. Ахаңның уайымы.

Көшкін уайымы.

Тәңірім қуат беріп жатса бұл өз алдына жеке кітап болғалы тұр.

Қайыр.

ЖАРАТУШЫ

Екінші жазба

Қазақтың түп атасы - батыр Түрік, Арапсың деген сөздің бәрі шірік. Пәленше сахабаның затысың деп, Алдаған дін жамылған өңкей жүлік.

Шаһкәрім.

- Құдайшылығыңды айтшы...

Құдай бар ма?..

Бұл менің Ахаңнан күтпеген де, күткен де сауалымның бірі. Ерте ме, кеш пе - біздің бұл сауалға жауап іздейтінімізді бүкіл болмысыммен сезініп жүретінмін. Қалай дегенде



Ахаң бұл жетек сауалды тегін қойып отырған жоқ.

- Бар! - дедім.

Ойланбай айттым. Олай деп айтуымның жөні бар еді. Осыдан отыз жыл бұрын жауап бергем.

Менің университетті қызыл қатырма алып шығуыма толық мүмкіндігім болды. Оған дәлел ретінде алғашқы жылдары жоғары шәкіртақы алғанымды көлденең тартамын. Үшінші курстан бастап мемлекеттік сынақтар жүре бастады.

Атеизм деген пән бізде де жүрді. Неге екенін кайдам ұстазымыз қауашығымызға атеизмді құдайсыздық деп сіңірді. Мен сол кездің өзінде китығып, «қисынсыз» сауалдар қоюшы едім. Неге алласыздық, болмаса неге тәңірсіздік емес деп. Содан ұстазымызға жақпадық. Сынақ тапсыруға аудитория кіріп келгенімде:

- Құдай бар ма? - деді.

- Бар! - дедім.

- Жүре беріңіз, - деді зәрленіп ұстазым.

Сынақ кітапшамды соңынан алдым. Әрине, екі деген баға қойған жоқ, үш қоятынын өзім де білгенмін.

- Құдай жоқ, - деді ұстазым ызбарланып, бар болғанда көмектесетін еді...

Кейін облыс бойынша дін істері жөніндегі комиссия құрылды. Соған мүше болдық. Жан-жағыма қарасам менің әлгі «құдайсыз» ұстазым да отыр екен. «Оңғар Айтбаев. Теология ғылымдарының кандидаты, профессор» деп жазылып тұр. Ол мені танымағансыды. Бірақ мен танып тұрмын ғой.

- Құдай бар, - дедім естірте айттып, - бар болғандықтан сізге көмектеспеді...

Ол Құдай жоқ деп айта алмады...

Алла бар деп те айта алмады...

Бір түрлі жасқаншақтап қалған екен. Қатқылдау әңгімемді жуасытпақ болып:

- Адасқан ұлдың оралуы, - деп қойдым.

Кейін білсем шынымен ол ағамыз докторлығын қорғаған екен, алайда бекітпепті. Табалағандай болдым-ау деп оныма өкініп қалдым.

Біз құдайсыздар қоғамында өмір сүрдік. Сол тұста осындай бір қоғамдық ұйымдар көп болды. Мені бұл қатты ойландыратын.

Неге алласыздар қоғамы емес деймін, неге тәңірсіздер қоғамы емес деймін.

Менің әжемнің есімі - Нәмияш. Араби есім екенін ішім сезеді. Неге Нәмияш деп сұрамадым емес, сұрадым.

- Өскенде айтамын, - деді.

Мен жеті жаста болатынмын. Сол жылдың күзінде әжем бакилыққа озды. Әжемнің жаназасын Абадай молда шығарды. Ол кісі Бұқарда білім алған әулие адам еді.

Сол кісі әжемнің жаназасын бірадар деп шығарды.

Бұл әңгімені естіп алып енді мен әкемнен қалмаймын.

- Бірадары несі? - деп.

Әкеміз де бес мезгіл намазын тастамаушы еді.

- Ұстаз деген сөз. Пірдің шәкірті деген сөз, - деді.

Бұл жауап мені онша қанағаттандыра қоймады.

- Ұстаз болса біреуді оқытқан ба? - деймін.

- Жоқ, тәрбиелеген. Ел әжеңе келіп қол тапсырған...

Мұндай жауап мені қуантатын.



Әжемді одан әрі жақсы көре түсер едім.

Әжем өзінен дәрмен кеткенде:

-Құдай үшін, - деп жөнетін.

Өзіміз осы сөзді естігенде отырған орнымыздан лып етіп атып тұрушы едік.

Менің құдайшыл болатын жөнім осы...

Ал Ахаңның құдайшылдығы...

Сұрай алмадым.

Бір нәрсені бүлдіріп алам ба деп жасқаншақтадым.

- Пәлі, сенің өзің де бірадар екенсің ғой...

Ахаңның дауысы шатты шыққанымен не айтқысы келіп отырғанын бағамдай алмай сөзін бөлмедім.

- Сен әжеңнен өткен бірадарсың, сен мыңды тәрбиелеп отырсың...

Ал менде қашанадағыдай қауашағымда мың бір сауал тұр. Біреуі кетсе, қайтып біреуі қосылады.

- Өзі ше? - дейді ішкі дауысым.

- Менің қаншалықты діндар екенімді сен жақсы білсең керек. Біреулердің шарапатымен, өзгенің қалтасымен қажылыққа жүрдім. Мұныммен мұсылман баласының түсінігіндегі парызымды өтедім деп басқалар айтса да мен айта алмадым. Сол сапарымнан кейін ел мені Ақселеу қажы дейтінді шығарды. Осы сөз біреуге майдай жағатын болар, бірақ осы жалау сөзге мен көндіге алмадым.

Бір дастарқан адам шақырдым да әлгілерге менің қай жерімнен қажылық көріп тұрсындар деп қарсы сауал қойдым. Осы сауалыммен бәріне нүкте қойдым деп есептедім.

Олай болмады. Енді Ақселеу атеист деген сөз шықты. Тағы дастарқан жаюыма тура келді... Бір басылымнан агностиктер туралы мақаланы көзім шалып қалды. Ішінде менің де аты-жөнім аталыпты. Тағы да дастарқан жайдым. Ақселеу мұсылман емес, құдайшыл екен деген әңгіме және желдей есіп жатыр. Әлде қайттік?..

Енді қайттық демейді, әлде қайттік дейді...

Бұлай сөйлеу Ахаң ғана жарасса керек.

Бүгін де ойланамын. Менің құдайшылығым қай жерден басталып еді деп? Қай жермен аяқталады деп хәм ойланам.

Мұндай ой Ахаңды да аз тербемеген сынағйлы.

Ал Ахаңның құдайшылығы ол Ахаңның құдайшылығы...

Елде жоқ, жерде жоқ құдайшылық.

- Бабаларымыздан өткен діндар халық болмаған. Көктен сұраған, жерге берген. Бір сөзбен айтқанда Жаратушыға деген шүкіршілігі болған.

Онысын Құдай деп танықтаған. Өзін қалай жақсы көрсе Құдайын да солай жақсы көрген. Құдайды өзіне жақындатпай өзі Құдайына жақындауға ұмтылған. Сондықтан да Құдайды өзілпеттес көрген. Барлық жасампаздық күшті сол Құдайына теліген. Жаратушы Құдай, Жаратқан Құдай, Ием Құдай... Жер бетіндегі әділдіктің соңғы инстанциясы Құдай деп білген. Содан да басқа бір жақтан әділдік іздеп жатпай, бәріне қолын бір сілтеп:

- Бір Құдайға тапсырдым, - деген.

Мұнан кейін ренішті жағдай бол-



сын оларын қаперіне алмаған, жарлы-жақыбайларға қаратып айтса, оларды панасына алады деп сенген.

Құдайға жақындығын бір-ақ ауыз сөзбен берген.

«Ұра берсе Құдай да өледі» деп...

Бұл - пәлсапа.

Қазақ баласының санасында не Алла, не Тәңірі санаты Құдай санатындай бола алмаған...Қандай да бір ісіміз болсын Құдай қаласа деп қосып отырамыз.

Қазақ жұртын осыдан кейін қалайша дінсіз жұрт дерсің?!

Ешкім де дінсіз жұрт деп айта алмайды. Оның діні елде жоқ, жерде жоқ дін. Көк Аспан!

Қара Жер!

Көк дегені - Құдай!

Жер дегені - Аруақ!

Басқа жұрттай емес, қазақ баласы өлім алдында жатқан адамнан да хәл сұраған.

- Аруақ шақырып жатыр, - дер еді төсек тартушы.

Байқайсыз ба, Құдай шақырып жатыр демейді...

Құдай жаратты дейміз. Бұл Құдай денеге жан салды деген сөз. Ал жанды Аруақ арқылы алады. Міне, Құдайдың құдайшылығы...

- Жер тартып жатыр, - дейді төсек тартушы...

Ал жер дегеніңіз - Аруақ!

- Аруақ жоқ деп жүр ғой, - деді Өмең ағам.

- Оны жержасқа келгенде бәріміз де білеміз...

Ахаң бұл сөзін барынша елеусіз қылып айтты. Жержас деген сөзге елең ете қалдым. Бұрын естімеген сөзім. Аханның аузынан бірінші рет естіп отырмын.

Дүниеден қайтқан жасың болды ғой деп өзімше кесіп-пішіп жатыр-

мын. Біздің өлген жылы дегенімізден гөрі мынауымыз көшелі сөз екен деп қойдым.

2013 жылы анамыз қатты ауырды. Анда апардық-мұнда апардық - болмады. Бір күні төсек маңынан ұзамайтын болды.

Қыс іші. Жаңаарқаның қымызын алдырып отырмыз. Кетіп қалып, кетіп қалып отырды.

Бір күні ішіп отырған қымызынан қалды.

- Ең құрмағанда екі-үш ұрттаңыз, - дейміз нәр болсын деп.

- Жаңа ғана іштім ғой, - дейді кекірік атып.

Анамыз көз алдымызда. Қымызымызды ішпей жатыр. Сонда?!

Ана жаққа барып келген ғой деймін іштей. Қымызды сол жақтан ішкен ғой. Аруақтармен...

Бір күні сөйлеп жатты. Сөйлегенде кәдімгідей жүйелі сөйлеп жатты. Талай адамның есімі аталды. Бауырларым аң-таң.

- Бұлары кімдер? - деп қояды.

Кейінгі балалар қайдан танысын.

Мен танушы едім оларды.

Аруақтар еді олар...

Жалғасы бар...

